

Мәдени ынтымақтастық жөніндегі қазақ-үнді үкіметаралық бірлескен комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 14 сәуір N 304. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 18.01.1995 ж. N 62 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы мәдениет, өнер, білім беру, ғылым, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес және Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасы арасындағы қол жеткен уағдаластықтарды

жүзеге асыру және өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мәдени ынтымақтастық жөніндегі қазақ-үнді үкіметаралық бірлескен комиссиясының қазақ жағы мына құрамда бекітілсін:

Сығаев - Мәдениет министрінің бірінші
Әшірбек Төребайұлы орынбасары (комиссияның тең
төрағасы)

Комиссия мүшелері:

Құттықадамов - Баспасөз және бұқаралық ақпарат
Сейдахмет Рысқожаұлы министрінің орынбасары
Уразғалиев - Мәдениет министрлігі музыка
Қуаныш Ғабидоллаұлы мекемелері бас басқармасының
бастығы (комиссияның хатшысы)
Сапарбаев - Білім министрінің орынбасары
Бердібек Мәшбекұлы
Сұраншинова - Президент пен Министрлер
Гүлзада Битөлекқызы Кабинеті Аппаратының Сыртқы
байланыстар бөлімінің референті
Ұнасбеков - Туризм, дене мәдениеті және
Серік Әкібайұлы спорт министрінің орынбасары

2. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері комиссияның қызметіне жан-жақты жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК